

| | | | | |
|--------------------------------------|---|----------------------------------|--|---|
| Сабақтың тақырыбы: | Қ.Бекхожин. "Ақсақ Темір мен ақын" балладасы. Хафиз жыры (2 сағаты) | | | |
| Сілтеме: | 1.Оқулық. Әдебиет. 7-сынып. Р.Құтқожина. Қ.Бітібаева. Е.Арын. 2."Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы" С.Жолдасбаев. 3."Қазақ тілі мен әдебиеті" журналы. №4, 2011жыл | | | |
| Оқып - үйренудің негізгі мақсаттары: | 1.Тарихи тұлғалар мен қалалар туралы мағлұмат беру. 2.Хафиз ақынның құдіреті мен тіл шеберлігін түсіну. 3.Балладаның түйінді мәнін ашып, көркемдік ерекшелігін үйрену. | | | |
| Негізгі идея: | Құдіретті сөз өнерін бағалай білу, өлең сөздің қасиетін асқақтату. | | | |
| Оқып - үйренудің нәтижелері: | 1.Тарихи тұлғалар мен қалалар туралы мағлұмат алады. 2.Хафиз ақынның құдіреті мен тіл шеберлігін түсінеді. 3.Балладаның түйінді мәнін ашып, көркемдік ерекшелігін үйренеді. | | | |
| Сабақтың барысы: | Уақыты | Әдіс - тәсілдер | Мұғалімнің іс - әрекеті: | Оқушының іс - әрекеті: |
| Ұйымдастыру кезеңі: | 1 мин | | 1. Сыныпта жағымды ахуал қалыптастыру. | |
| Үй тапсырмасын сұрау | 5 мин | "Шындық па? Жалған ба? әдісі. | 2. Интербелсенді тақтада берілген ашық сұрақтар арқылы өткен сабақты пысықтау. - Ақсақ Темірдің Әмір Темір атанған атақты қолбасшы, мемлекет қайраткері екені шындық па, жалған ба? - Хафиз ақынның Темірді мақтағаны ...? - Ақынның Темірді тізе бүктіргені ...? - Хафиздің ғашығы үшін Темірге қарсы келгені ...? - Әмір Темір қасиетті Қожа Ахмет Иассауи кесенесін салып қалдырғаны ...? - Хафиз ақынның өжет мінезді, өткір тілді екені ...? - Ақсақ Темір мен Хафиздің тарихи тұлғалар екені...? Бағалауды мадақтау түрінде жүргізу. | Оқушылар сұрақ қою техникасы арқылы білімдерін тексереді. |
| | 2 мин | Топқа бөліну. | 3. Сынып оқушыларын ұлы тұлғалар мен тарихи қалалардың сурет қиындылары арқылы топқа бөлу. | Оқушылар сурет қиындыларымен топтасады. |
| | 2 мин | АКТ-ны қолдану | 4.Интербелсенді тақтадан "Тарихи қалалар мен тұлғалар" туралы бейнефильм көрсету арқылы, сұрақ қою техникасын қолдану. - Фильмді көре отырып, қандай ой түйдіңіздер? - Рахымшылық дегенді қалай түсінесіңдер? - Ақын деп кімді айтамыз? - Ақынның құдіреті неде? Бағалауды мадақтау түрінде жүргізу. | Оқушылар сұрақ қою техникасын дамытады. |

| | 18 мин | "Екі жақты түсіндірме" әдісі. | <p>5. Оқушылар баллададан ұнаған үзінділер бойынша пікірлерін түйіндеп, постерге түсіру.</p> <p style="text-align: center;">"Екі жақты түсіндірме"</p> <table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th style="width: 50%;">Баллададан үзінді.</th> <th style="width: 50%;">Оқушы пікірі.</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> </tr> </tbody> </table> <p>"Екі жұлдыз, бір ұсыныс" түрінде бағалау.</p> | Баллададан үзінді. | Оқушы пікірі. | | | | | | | <p>Бінтымақтаса отырып пікір бөліседі, топтасып жұмыс жүргізеді.</p> <p>Топтар бір-бірін бағалайды.</p> |
|--------------------|---------------|-------------------------------|---|---|---------------|--|--|--|--|--|--|---|
| Баллададан үзінді. | Оқушы пікірі. | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | 7 мин | Топтық жұмыс | <p>6. Балладаға қатысты тақырыптар бере отырып, әр топта әр түрлі шығармашылық жұмыс жүргізу.</p> <p>I - топ. Самарқан, Бағдат қалалары жайында мәлімет беру.</p> <p>II - топ. Балладаның көркемдік ерекшелігін талдау</p> <p>III - топ. Хафиз ақынның өмірдерегінен мәлімет беру.</p> <p>IV - топ. Балладаның композициялық құрылымын жазу.</p> <p>"Бармақ" арқылы бағалау жүргізу.</p> | <p>Оқулықтан, басқа да ақпарат көздерінен алған деректер бойынша жазбаша орындайды.</p> | | | | | | | | |
| Сергіту сәті | 1 мин | | <p>7 Домбырамен берілген әсем әуенге оқушылар бой сергіту жаттығуын жасау.</p> | <p>Оқушылар дене қимылдарын жасап бой жазады.</p> | | | | | | | | |

| | | | | |
|---------------|-------|------------------------|---|--|
| | 5 мин | "Кеңейтілген тапсырма" | <p>8. Жеке орындауға әр оқушыға дайын парақшалар түрінде тапсырмалар беріледі.</p> <p style="text-align: center;">Кеңейтілген тапсырма</p> <p>1. Кейіпкерлерге қатысты сөздермен сәйкестендіріңіз.</p> <p>1. Темір ақын атанған. Мүсәпір жан, кейін 2. Хафиз жазған ұлы ақын. “Шахнама” дастанын 3. Фирдоуси қайраткері. Қолбасшы, мемлекет</p> <p>2. Мына кейіпкерлер кімдер?</p> <p>1. Темір 2. Хафиз 3. Фирдоуси</p> <p>3. Баллада кейіпкерлерін жазып, олардың кім екенін көрсетіңіз?</p> <p>1. 2. 3.</p> | Әр оқушы жеке орындайды. |
| Кері байланыс | 3 мин | "Сұрақтары бар қорап" | <p>9. Сабақ соңында кері байланыс орнату.</p> <p>1. Мен үшін жаңа білім? 2. Сабақта қандай қиыншылықтар кездесті? 3. Нені білгің келеді?</p> | Оқушылар өз ұсыныс тілектерін жазып кері байланыс жасайды. |
| Үйге тапсырма | 1 мин | | 10. Сөз құдіреті туралы нақыл сөздер жазып келу. | |